

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№4 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

20.01.2023 ж.

Қатысқандар: АҚ төрайымы:

Абдраимова Қ.Т. – б.ғ.к., доцент м.а;

Комиссия мүшелері:

1. Г.У.Абишова – аға оқытушы;
2. А.Қ.Ниязов – «Қаратау мемлекеттік табиғи қорық» РММ директоры;
3. А.Кожаметова – 6В05146-Биология ББ студенті.

Шақырылғандар:

1. Э.Ибрагимова – 6В05169-Биотехнология БББ-на жауапты мүше, техн.ғ.к., доцент м.а.
2. Ж.А.Тлеубергенова – Өдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу
2. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну.
3. ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу.
4. Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

АҚ төрайымы Абдраимова Қ.Т. сөз алып, қаралатын мәселелермен таныстырды: АҚ жұмысын ұйымдастыру; Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу, жаңартылған және жаңа әзірленген ББ паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну, ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу, қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстар.

АҚ мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.Абишова:

Бірінші мәселе бойынша ББ өзіндік бағалау жұмысына негіз болатын міндетті мәліметтерге жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері; сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері жатады. Осыған байланысты «Қаратау мемлекеттік табиғи қорық» РММ, Кентау қаласының «Жас қала» КММ жұмыс берушілермен тығыз жұмыстар атқарылуда.

АҚ мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., доцент м.а. Э.Ибрагимова:

Екінші мәселе бойынша ББ-ның паспортында көрсетілуі қажет: қолдану саласы; ББ-ның академиялық кредит көлемі; нормативтік-құқықтық қамтылуы; ББ аясында дайындау бейінінің картасы; ББ мақсаты; ББ тұжырымдамасы; түлектің біліктілік сипаттамасы; берілетін дәреже; маманның лауазымдарының тізімі; кәсіби қызмет саласы; кәсіби қызмет объектісі; кәсіби қызмет функциялары мен түрлері. 6В05146-Биология, 6В05169-

Биотехнология ББ талқылау барысында жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, жаңа пәндер енгізілді.

АК төрайымы Абдраимова Қ.Т.:

Үшінші мәселе бойынша сөз қозғады: Білім беру бағдарламаларын Тізілімге енгізу төрт кезеңде жүргізіледі: 1) білім беру ұйымының бағдарламаны Тізілімге енгізу үшін ББ өтінімді ұсынуы; 2) әкімшінің өтінімді тексеруі және өтінімді пысықтау үшін өтінім берушіге қайта жолдау (ескерткілер болған жағдайда); 3) сарапшының бағдарламаға сараптама жүргізуі және өтінімді пысықтау үшін өтінім берушіге қайта жолдау (ескерткілер болған жағдайда); 4) әкімшінің бағдарламаны Тізілімге енгізуі не өтінімді Комиссия шешімінің негізінде кері қайтаруы. Бағдарламаны Тізілімге енгізу үшін өтінім беруші өтінімді қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде электрондық форматта толтырады және әкімшіге жолдайды. Өтінім беруші бағдарламаны пысықтауды әкімші жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Бағдарлама уақтылы пысықталмаса, ол Комиссияның шешімімен қабылданбайды. Әкімші пысықталған өтінімге тексеруді келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Ескертулер түзетілген жағдайда әкімші өтінімді сараптамаға жібереді. Ескертулер түзетілмеген жағдайда Комиссия шешімі бойынша кері қайтарылады. Осы ескертулер назарға алыну тиіс.


Жалпы қаңтар айында жүргізілген іс-шаралар оң нәтижелер беретініне сенімін білдірді.

Шешім:

1. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілсін.
2. Жаңартылған және жаңа әзірленген ББ паспорты әзірленсін, ББ тізілімдемесіне ұсынылсын.
3. ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстары бойынша ережелер назарға алынсын.
4. Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшысы:



Қ.Т.Абдраимова

Г.У.Абишова